

**Қобда ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 115 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 мамырда № 4895 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Қобда аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қобда ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Елеусіноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Жүсібалиев*

Қобда ауданы әкімдігінің  
"12" сәуір 2016 ж. № 115  
қаулысымен бекітілді

**Қобда ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, город)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
1	Қобда ауданы	744				

**Кестенің жалғасы:**

Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)					

Балабақша		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар		Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде		
	31300						

### Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
7000				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК